ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 7 маусым №4360-23-00-2/997 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші - судья С. Умарсирикова,
А. Абдраимованың хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының» «Мұз айдыны» шаруашылығы жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «BEREKE 7» - Айжан Мырзабековна Тойшыбекова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Д. Жұбаназар
талап қоюшының өкілі Е. Капаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (тапсырыс беруші) мен жауапкер (өнім беруші) арасында 2023 жылғы 3 сәуірде №49 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағы мен №1 қосымшаларына сәйкес өнім беруші 100 жұп хоккей конькилеріне арналған аяқ баулар тауарларды жалпы сомасы 145 600 теңгеге келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылғы 20 сәуіріне тапсырыс берушіге жеткізуге міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, жауапкерді шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін, яғни тауарды жеткізбеуіне байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Сотта талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, талапты қанағаттандандыруды сұрады.

Жауапкер сотқа жазбаша пікірін ұсынбады және сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен, сот отырысына дәлелсіз себептермен қатыспағандықтан, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4,6-бөліктеріне сәйкес, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Талап қоюшының талабы жоғарыда көрсетілген шарттарымен, шарттардың №1,№2 қосымшаларымен, талап қоюшы өкілінің түсінігімен, іс құжаттарымен расталады.

Сондықтан сот талап заңды әрі негізді болғандықтан қанағаттандырылуға жатады деп тапты.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Талап қоюшы 2023 жылғы 12 мамырда талап қоюымен сотқа жүгінген.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының» «Мұз айдыны» шаруашылығы жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 17.07.2023

Жауапкер жеке кәсіпкер «BEREKE 7» - Айжан Мырзабековна Тойшыбекова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «BEREKE 7» - Айжан Мырзабековна Тойшыбековадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Умарсирикова**

Құжатқа қол қойылған: Умарсирикова С. С., 14.06.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.07.2023, судья Елшібеков Б. Е., 17.07.2023

4360-23-3-1/1092